Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет, Бір ұлт, Өркедеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын туарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болу керек».

2022 жылдан 2024 жылға дейін кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзілісспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарт бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмейді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдерінің кешігуіне және қаржылардың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жозықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **«Бәйдібек ауданы Актас ауылына футбол алаңшасын орнату бойынша жұмыстар»** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдансын.

Борлысай ауылдық округінің әкімі **Г.Шабдезим**

Мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі.

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты: Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Борлысай ауылдық округінде «Бәйдібек ауданы Актас ауылына футбол алаңшасын орнату бойынша жұмыстар» жұмыстарын жүргізуді стандартқа сай, үздіксіз сметада көрсетілген жұмыстардың атқарылуы.

Нақты орындаушыны таңдау себептері: Біз жергілікті жеткізушіні қолдағымыз келеді салықтар аудандық бюджетке түсу үшін. Жеке кәсіпкер "ЗАҢҒАР строй сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұл саламен 7 жылдан астам уақыт айналысады, шолулар жақсы, тәжірибелі мамандар бұл салада 7 жылдан астам жұмыс істейді. Жауапкершілігі бар және тиянақты мердігер. Біз жұмыстың сапалы орындалғанын қалаймыз.

Борлысай ауылдық округінің әкімі Г.Шабдезим